



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ МУЗЕОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ
«ГЕОАРХЕОЛОГИЯ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған
«ХАЛЫҚ – ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы
«Археологиядағы зерттеудің жаңа әдістері» атты
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

30 қараша 2016 ж.

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции
«Новые методы исследования в археологии» в рамках
государственной программы
«НАРОД В ПОТОКЕ ИСТОРИИ»,
приуроченной к 25-летию Независимости Республики Казахстан
30 ноября 2016 г.

PROCEEDING

of International scientific-practical conference
«New methods of research in Archaeology»
within the confines of the state program
«THE PEOPLE IN THE FLOW OF HISTORY»
dedicated to the 25th anniversary of the Independence
of the Republic of Kazakhstan

November 30, 2016

Алматы 2016

МАЗМУНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Мутанов Г.М. Алғы сөз.....	3
----------------------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Омарбеков Т.О. Рулық таңбалар туралы не білеміз.....	4
Жумагулов Қ.Т. О военном искусстве гуннов по данным зарубежной археологии.....	10

СЕКЦИЯ I.

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ / ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЕСТЕСТВЕННО-НАУЧНЫХ МЕТОДОВ В АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ

Бейсенов А.З. Орталық Қазақстан ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеудегі көміртегілік анықтамалар.....	13
Spate M.A. Palaeoclimate and archaeobotany in the kashmir neolithic: implications for early cultivation and crop exchange in Central Asia.....	21
Watanabe M. Distribution and characteristics of underground irrigation systems in the hexi corridor, China.....	30
Алукер Н.Л., Суздальцева Я.М., Казакова Ю.А. Радиоэкологическое исследование и термолуминесцентные датировки археологических памятников новосибирской и кемеровской областей.....	37
Зайков В.В., Анкушев Н.М. Рудная геоархеология меди на примере Урала.....	40
Рыбалко А. Г., Девятова А. Ю. Корреляция стратиграфических разрезов среднепалеолитических комплексов стоянки даввагчай-залив-1 (по геохимическим данным).....	43
Нигматова С.А. Палинологический метод в археологии на примере изучения курганов Юго-Восточного Семиречья.....	46
Ахматшаева И.Т., Воякин Д.А., Нигматова С.А., Сейткалиев М.К. Палинологическое исследование материалов сакского могильника Сарыозек.....	51
Ренато С., Жан-Марк Д. Пространственный анализ археологического комплекса Кульжабасы.....	55

СЕКЦИЯ II.

ТАРИХИ- МӘДЕНИ МҰРАНЫ ЗЕРТТЕУ, САҚТАУ ЖӘНЕ МУЗЕЕФИКАЦИЯЛАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ / МЕТОДЫ ИЗУЧЕНИЯ, СОХРАНЕНИЯ И МУЗЕЕФИКАЦИИ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ

Алтынбеков К. Консервация и реставрация узды из кургана №29 могильника Туйетас-1 в Восточно-Казахстанской области.....	73
Парфенов А.Р. Методы графической реконструкции традиционного якутского костюма (по материалам погребений XVII-XVIII вв.).....	78
Байгунаков Д.С. Қазақстан тас дәуірін зерттеудің кейбір нәтижелері.....	79
Кусаннов С.А., Имангалиева М.Ж. Геолого - геоморфологическая характеристика района палеолитической стоянки Майбулак в предгорьях Илейского Алатау.....	82
Железняков Б.А. К вопросу о позднеантичном и раннесредневековом наследии региона средней Арыси.....	87
Акымбек Е.Ш. Керамикалардың сыртын өңдеу және әсемдеу үдерісін талдау.....	92
Enrique Meseth, Hsu Chia-Wen, Wang Liang-Chi, Lu Shiau-Yun, Chen Su-Hwa, Chen Huan-Min, Michael Buzinny. Results of the land suitability study in vilcabamba and agricultural production at the vitcos site during incas times, peru.....	94
Умиткалиев У.У., Айтбаев А.Б., Адельчанов К.С. Погребальные сооружения эпохи бронзы в могильнике Кырыкунгир.....	103
Арынова Д.С. Археологиялық қазбадан табылған тұмар түрлеріне зерттеу.....	108
Қартаева Т.Е. Көне фотоқұжаттар мен сызбалардың архео-, этнографиялық деректілігін оқыту әдістемесі.....	111
Туякбаев М.К. К проблемем методов изучения динамики развития памятников градостроительства.....	120
Кушекбаев Ә. Сырдың сәулет өнері.....	130
Баудиарова Қ.Б. Қазақстан халқының неке жағдайы.....	133

Т. Омарбеков
т.г.б., профессор,
ҚРҰҒА Құрметті академигі, Алматы,
Қазақстан Республикасы

РУЛЫҚ ТАҢБАЛАР ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ

Ежелгі және орта ғасырлардағы қазақ тарихының ішіне бүккен құпиялары көп. Соның бірі қазақ руларының тарихы. Өздерінің күрделі этникалық тарихи даму жолдарында нақты деректерді тым аз қалдырған қазақ рулары мен тайпалары өзіндік таңбалармен және ұрандармен ерекшеленеді. Рулық немесе тайпалық таңбаларды және ұрандарды зерттемей, қазақ халқының қалыптасуының этникалық жолын айқындау мүмкін емес екендігін жекелеген зерттеушілер жақсы түсінді. Алайда олар өмір сүрген кезеңдегі саяси-әлеуметтік ақуал және тарихи білімнің жеткіліксіз деңгейі, бұл мәселеде іргелі де салмақты қорытындылар жасауға мүмкіндіктер бере қойған жоқ. Сондықтан да рулық, тайпалық таңбалардың шығуы туралы әртүрлі алыпқашпа көзқарастар орын алды. Қысқартып айтар болсақ, бұл тұжырымдар төмендегідей мәселелерді қозғайды:

1. Руларға таңбаны Оғыз ханның баласы және мұрагері Күнхан таратып берген (В.Радловтың ел аузынан жазып алғаны бойынша);
2. Қырғыздар (қазақтар) таңбалар мен белгілерді моңғолдардан қабылдап алып, Орта Азияға ғана емес, Үндістанға дейін таратса керек (А.Левшиннің айтуынша);
3. Таңбалар мен ұрандарды қырғыздарға (қазақтарға) Шыңғысхан таратқан (И.Казанцевтің айтуы);
4. Таңбаларда Шыңғысхан тұқымынан тараған хандар әскерлеріндегі қырғыз (қазақ) тайпаларының пайдаланған қаруларының түрлері бейнеленген (М.Иванин мен А.Харузиннің пікірлері);
5. Таңбаларды малға белгі салу үшін қазақ руларына Тәуке хан таратып берген (Л.Мейердің түсіндіруі)¹.

Осыншама сандаған, біріне-бірі хронологиялық және логикалық тұрғыдан мүлде жакындамайтын пікірлер мен тұжырымдардың орын алуының және осы мәселеге көптеген зерттеушілердің назар аударуының өзі рулық және тайпалық таңбалардың халқымыздың қалыптасу тарихындағы маңызды орнын тағы да дәлелдей түседі.

Алайда, жоғарыда айтылған зерттеушілер пікірлерінің ғылыми тұрғыдан әбден шатасқандығын Н.Аристов Күлтегін жазуында (732 ж.) түркі тайпалары хандарының таңбаларының бейнеленгенін, мұндай таңбалардың одан да ертеректегі Орхон бойынан табылған тас плиталардан кездесетінін дәлелді түрде айту арқылы көрсетіп берді². Ол аталмыш Орхон-Енисей жазуларындағы 38 әріптің 29-ның қазақ рулары пайдаланатын рулық-тайпалық таңбаларға ұқсас екендігін айта келе: «қырғыз-қазақ таңбаларын руларға қандай да бір болмасын билеуші берген жоқ, және қандай да бір жеке тұлға немесе жиналыс ойлап тапқан жоқ. Ол мал баққан елдің халықтық өмірінің тарихи-органикалық жемісі болып табылады...», – деп ескерткен еді³. Ғалымның ойынша рулық таңба – рулық меншік белгісі. Егер осы қорытындыны мақұлдап болсақ түркілердің ру-тайпалық таңбаларының тарихи бастаулары Орхон-Енисей жазуларымен замандас болып шығады. Н.Аристовтың пікірінше, рулық таңбалар адамзат қоғамында жеке және жанұялық меншік шыға қоймаған, мал тек белгілі бір рудың меншігі болған рулық қауымдастықта пайда болған⁴. Зерттеушінің бұл пікірін әлі ешкім байсалды түрде теріске шығара алмағанын ескерер болсақ, қазақ руларының тарихы тереңнен басталғанын мойындауға тура келеді.

¹Қараңыз: Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 408-410 бб.

²Сонда. – 410 б.

³Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 413 б.

⁴Сонда. – 410 б.